# REVIEW

**of PhD thesis on the theme "Methodical bases of teaching the innovative development trends of monotowns of Kazakhstan in geography (case of Tekeli and Zhezkazgan cities)" of Aliaskarov Duman Toktaruly, candidate for PhD degree on specialty "6D011600 – Geography"**

The study of theoretical and practical problems of the development of mono-specialized settlements is one of the topical issues of geographical science. Because, in the world practice, small cities including monotowns are distinguished by "concentration" of big problems. Peculiarity of monotowns when compared to other cities with multifunctional economy is that monotowns mostly depend on changes in the external environment, state of the economy, foreign market conditions, floating demand for goods, control of payment contracts, etc. This dependence does not allow monotowns to develop successfully. The PhD thesis aimed at improving the state of monotowns reflects the theoretical significance of the problem.

Formation and development of monotowns of Kazakhstan, including Tekeli and Zhezkazgan, coincide with the period of industrialization of the country. These cities, developed due to development of natural resources, faced an economic downturn under the influence of several factors in the transition process. The author of thesis effectively worked on issues of improving the situation in these cities and determining future development trends. That is, the work and recommendations of the author of thesis on socio-economic diversification of cities and the development of natural and ecological framework reflect the effectiveness of the thesis.

The value of the thesis is the realization of theoretical results in the educational process. The geography of cities and methods of teaching are interrelated in the thesis. Theoretical conclusions based on interdisciplinary research, and work done for applied purposes, fully correspond to the cipher of the specialty of the PhD candidate.

The doctoral candidate collected, analyzed, summarized and systematized the materials that were published in the cartographic, infographical and scientific literatures for theoretical and practical substantiation of his conclusions.

The results of the research were published in the journal "GeoJournal of Tourism and Geosites" (Romania), which is registered on Scopus database. He also participated in the International Geographic Symposium "GEOMED 2016 - the 4th International Symposium on Geography" (Antalya, Turkey, May 23-26) and was awarded a certificate for his presentation and published his article.

The results of the research and scientific novelty are proved by using tables, maps and diagrams. The substantiation and authenticity of the scientific findings of the thesis were made by the results of field research done by the author in 2015-2017.

Therefore, I believe that the results of research is a scientific work aimed at solving important and practical problems in the field of socio-economic geography, geoecology, GIS, the geography of cities, and geographic education.

In conclusion, I believe that the PhD thesis of D.T. Aliaskarov on the theme " Methodical bases of teaching the innovative development trends of monotowns of Kazakhstan in geography (case of Tekeli and Zhezkazgan cities)" was done at high scientific and methodical level, and its author deserves PhD degree in "6D011600 - Geography".


**Foreign scientific supervisor:**
**Professor, PhD**
**Uludag University, Bursa, Turkey**
**Emin Atasoy**

Prof. Dr. Emin ATASOY
Uludağ Üniversitesi
Eğitim Fakültesi

**«6D011600 – География» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Алиаскаров Думан Тоқтарұлының «Қазақстан моноқалаларының инновациялық даму үрдістерін географияда оқытудың әдістемелік негіздері (Текелі және Жезқазған қалалары мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

# ПІКІРІ

Мономаманданған елді-мекендерді зерделеу және оның дамуының теориялық-тәжірибелік мәселелерін зерттеу география ғылымының өзекті мәселелерінің қатарында. Себебі, әлемдік тәжірибеде ірі қалаларға қарағанда, шағын қалалар, оның ішінде моноқалалар үлкен мәселелердің «жинақталуымен» ерекшеленеді. Бұл қалалардың (моноқалалар) басқа көпфункционалды экономикасы бар қалалармен салыстырғанда өзгешелігі сыртқы ортаның өзгеруіне, мемлекеттік мақсаттардың өзгеруіне, экономика салаларының жағдайына, сыртқы нарықтағы коньюктураның, тауарға деген сұраныстың құбылмалы болуы, төлем шарттарының қадағалануына, т.б. өзгерістерге көбірек тәуелді. Осы тәуелділік бір салалы экономикасы бар қалалардың табысты дамуына мүмкіндік бермейді. Яғни, моноқалалардың жағдайын жақсартуға қатысты орындалған бұл диссертациялық жұмыс, мәселенің теориялық тұрғыдан өзектілігін көрсетеді.

Қазақстан моноқалаларының, оның ішінде Текелі мен Жезқазған қалаларының қалыптасуы мен дамуы елді индустрияландыру кезеңімен сәйкес келеді. Табиғи ресурстарды игерумен байланысты дамыған бұл қалалар өтпелі кезеңде бірнеше факторлардың әсерінен экономикалық құлдырауға тап болды. Осы қалалардың жағдайын жақсарту, болашақтағы даму бағытын айқындау мәселелері бойынша диссертант нәтижелі жұмыстар орындаған. Яғни, диссертанттың қалаларды әлеуметтік-экономикалық әртараптандыру, табиғи-экологиялық каркасын жасақтау бойынша орындаған жұмыстары мен авторлық ұсынымдары диссертацияның нәтижелілігін көрсетеді.

Орындалған диссертациялық жұмыстың құндылығы ретінде теориялық нәтижелердің білім беру ісінде жүзеге асуын атауға болады. Диссертацияда қалалар географиясы мен оқыту методикасы салалалары өзара байланысқан. Пәнаралық зерттеулер негізінде берілген теориялық тұжырымдар мен қолданбалы мақсатта орындалған жұмыстар диссертанттың мамандық шифрымен толық сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында докторант өзінің ұсынған тұжырымдарын теориялық және практикалық тұрғыдан негіздеу үшін аса мол картографиялық, инфографикалық, ғылыми әдебиет көздерінде жарияланған материалдар жинақтап, талдап, қорытып, бір жүйеге келтірген.

Зерттеу жұмысының нәтижелері Scopus мәліметтер базасында тіркелген GeoJournal of Tourism and Geosites (Румыния) журналында жарияланды. Сонымен қатар, «GEOMED 2016 - 4$^{th}$ International Geography Symposium» (Анталия, Түркия, 23-26 мамыр) халықаралық географиялық симпозиумға

қатысып, баяндама жасағаны үшін сертификатпен марапатталып, мақаласы жарияланды.

Зерттеу нәтижелері мен ғылыми жаңалығы кестелер, карталар, сызбанұсқалар мен диаграммалар арқылы дәлелденген. Диссертациялық жұмыстың ғылыми тұжырымдарының негізделуі мен шынайылығы автордың 2015-2017 жылдар аралығындағы зерттеулері мен далалық ізденістерінің нәтижесі арқылы жүзеге асқан.

Сондықтан, автордың зерттеу жұмыстарының нәтижелерін әлеуметтік-экономикалық география, геоэкология, ГАЖ, қалалар географиясы, географиялық білім беру салаларында маңызды және практикалық міндеттерді шешуге бағытталған ғылыми еңбек деп санаймын.

Қорыта келгенде, Д.Т. Алиаскаровтың «Қазақстан моноқалаларының инновациялық даму үрдістерін географияда оқытудың әдістемелік негіздері (Текелі және Жезқазған қалалары мысалында)» тақырыбында дайындалған докторлық диссертациялық жұмысы жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде орындалған, ал оның авторы «6D011600 – География» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**Шетелдік ғылыми жетекшісі:**
**«Улудаг» университетінің**
**қауымдастырылған профессоры, PhD докторы**
**Түркия мемлекеті, Бурса қаласы** **Емин Атасой**

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

Он жетінші сәуір екі мың он сегізінші жыл.

Мен, Бекешбаева Бану Пернебековна, Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінін 05.12.2014 ж. берген № 14018240 лицензия негізінде Алматы қаласының әрекет етуші нотариус осы құжат мәтінінің ағылшын тілінен қазақша тіліне мен жасаған аудармасының дұрыстығын куәландырамын.

№ 1804 тізімде тіркелген

Өндірілді:

Нотариус________________________________

Қолы